



«Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы
бойынша білім бөлімі Державин қаласының Ақпан Үкібаев
атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Тәрбие жұмысының жылдық ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

ДТГЖО: Найзабекова Раушан Таукеловна

Жетписбаева Гүлзат Жаксылыковна

2023-2024 оқу жылы

ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

ТАЛАП

АР ҰЯТ

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.

«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы

Қазақстан балалары хал-ахуалының негізі ретінде позитивті ата-ана болу мәдениетін дамыту мақсатында 2023-2024 оқу жылында Алматы қаласы мен Алматы облысының пилоттық білім беру ұйымдарында «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы апробациядан өтеді.

Жоба білім беру ұйымдарында келесі бағыттарда іске асырылатын болады:

✓ Спикерлер ретінде бала тәрбиесінде табысты тәжірибесі бар аға ұрпақ өкілдерін тарта отырып «Даналық мектебін» құру.

✓ «Әлеуметтік хал-ахуал», «Эмоционалдық хал-ахуал», «Когнитивтік хал-ахуал», «Физикалық хал-ахуал» сияқты модульдер бойынша атааналар үшін курстар ұйымдастыру.

✓ Ата-аналардың қажеттіліктері деңгейін анықтау бойынша диагностикалауды жүргізу және Ата-аналарға арналған академия қызметінің нәтижелерін мониторингілеу.

✓ Ата-аналарға арналған академияға ақпараттық қолдау көрсету, оның қызметін БАҚ, әлеуметтік желілерде жарыққа шығару.

✓ Ата-аналарды оқу-тәрбие үдерісіне тарту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу: ата-аналар форумы, конференциялары, марафоны және т.б.

✓ Позитивті ата-ана болу мәдениетін дамытуда әлеуметтік серіктестіктер күштерін біріктіру.

МЕКТЕП КІТАПХАНАЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН КҮШЕЙТУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісінде: Білім саласындағы өзгерістер және министрлік қызметінің нәтижелері туралы (2021 жылғы 15 наурыз), «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханаларының қызметін күшейту, олардың мемлекеттік тілдегі көркем әдебиет қорын айтарлықтай жаңарту, кітапханашылардың еңбекақысын арттыру міндеті жарияланды.

2023/2024 оқу жылында мектепшілік, аудандық (қалалық) және облыстық деңгейлерде республикалық маңызы бар 13 жобаны іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Білім алушылармен техникалық шығармашылық және конструкция бойынша жұмысты жандандыру үшін техникалық шығармашылық және өнертабыс жарыстары (авиа, зымыран, авто, және кеме модельдеу) және «Ұлы өнертабысқа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауы өткізіледі.

«Менің отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтары слеті, жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің «Табиғатты аяла» форумы, «Кәсіптер әлемін ашамыз» форумы балалар мен жастардың патриоттық сезімін және азаматтығын тәрбиелеуге, туристік қызметті жандандыру арқылы салауатты өмір салтын насихаттауға, экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге, білім алушылардың кәсіптерді зерделеуге шығармашылық көзқарасын жандандыруға бағытталған еңбек нарығында сұранысқа ие және болашақ мамандықты сәтті таңдау үшін қажетті.

Театр бірлестіктерінің білім алушыларымен жұмыста театрландырылған қойылым түрлерін – монтаждау барысында әдебиет пен өнердің түрлері мен жанрлары біріктірілген бірыңғай авторлық максатта біріктірілген сахналық эстрадалық-театрлық жұмыстарды қолданған жөн.

Театрландырылған қойылым тарихи және мәдени күндерге, әлеуметтік оқиғаларға, акындардың, суретшілердің, театрдың танымал кайраткерлерінің шығармашылығына арналуы мүмкін. Білім алушылардың «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің фестивальконкурсына қатысуы балалар мен жастар театры шығармашылығын өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиесінің факторы, тұлғаның үйлесімді дамуы, өзін-өзі көрсетуге, әлемді эстетикалық және бейнелі түсінуге бірегей қабілеттерін қалыптастыру және дамыту факторы ретінде қолдауға және дамытуға ықпал етеді. «Балалар мен театр» ағартушылық жобасы аясында білім алушылар жас ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастыру ресурсы, тұлғаны әлеуметтендірудің, көркемдік талғамды қалыптастырудың қуатты құралы, эстетикалық дамыған, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу тетігі болып табылатын театрларға барады. Қазақстандық патриотизмді, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру, көшбасшылық қасиеттерді дамыту үшін мектепте өзін-өзі басқару және пікірталас қозғалысы бойынша жобалар іске асырылуда. Белсенділер клубтары мен мектептерінің жұмысын ұйымдастыру, білім алушылардың ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу ұсынылады. Білім беру ұйымдарының сайттарында мектептің өзін-өзі басқару органдары мен пікірсайыс клубтарының қызметі көрсетілетін тақырыптық бөлім құру қажет. Білім алушыларды әлеуметтік маңызы бар қызметке тартуға және олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға елдегі қоғамдық маңызы бар оқиғаларға, мемлекеттік мерекелерге, мерейтойлық және атаулы күндерге 85 арналған іс-шараларға қатысу, сондай-ақ тұрақты даму максаттарын насихаттау, балалар мен жастар ұйымдарының әлеуетін пайдалану ықпал ететін

болады.

Мектеп Парламентінің қатысушылары арасында челленджер өткізу ұсынылады: «Алтын жүрек»; «Мобильді көзқарас: менің жаздағы бір күнім»; «Мектеп парламентінің өмірінен бір күн» және т.б. Мектеп парламенттері, мектептегі пікірталас қозғалысы туралы ақпарат ҚР Оқу-ағарту министрлігі Қосымша білім берудің республикалық оқуәдістемелік орталығының ziyatker.org сайтында, «Мен пікірсайысшымын» Телеграм каналында, Rumcdo_debate_bot Телеграм каналында орналастырылған.

Наурызды мерекелеу аясында жыл сайын республиканың барлық білім беру ұйымдарында 10-20 наурыз аралығында түрлі іс-шаралар өткізіледі, оның ішінде барлық мектептерде Құрманғазының «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа» және т.б. күйлері бір уақытта орындалады.

Жалпы білім беретін мектептер ұлттық мерекелер, халықтық салт-дәстүрлер негізінде балаларды рухани-адамгершілік бағытта тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруы керек.

Қазақстандық патриотизмді, ұлттық бірегейлікті, әлеуметтік құзыреттілікті қалыптастыруға, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулуға «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы ықпал етеді. Жоба елдің зияткерлік байлығы ғана емес, сонымен қатар жалпыадамзаттық құндылықтардың, халықтардың мәдени және адамгершілік дәстүрлерінің орасан зор қоры болып табылатын ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған. Жоба аясында әр тоқсанда бір-бірден 4 іс-шара анықталды.

Бұлдар: «Ақындар айтысы» поэтикалық сайысы; «Алтын сақа» олимпиадасы; «Ұлттық өнер» көрмесі; «Туған өлкем» фестивалі.

Бірінші тоқсанда Республика күнін мерекелеуге арналған «Ақындар айтысын» өткізу жоспарлануда. Айтыстың ұсынылатын тақырыптары: «Жаңа күн – жаңа Қазақстан», «Туған жерім – мақтанышым», «Тілім – тұмарым», «Тәуелсіздігім – тұғырым», «Топырақ жыр – торқа жыр», «Көк тудың желбірегені...» және т. б.

Екінші тоқсанда Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Алтын сақа» олимпиадасы өтеді.

Үшінші тоқсанда Наурыз мерекесі аясында әрбір білім беру ұйымында «Ұлттық өнер» көрмесін ұйымдастыру ұсынылады. Тоқыма бұйымдарын жасау сияқты номинациялар ұсынылады: гобелен, кесте, бисер, батик, киіз басу, патчпластик; ұлттық ою-өрнек элементтері бар халықтық киім үлгісін жасау және т.б.

Төртінші тоқсанда «Туған өлкем» фестивалін өткізу ұсынылады. Фестиваль аясында өлкетану жобаларының конкурсы өткізіледі. Қатысушыларға көмектесу үшін өлкетану жобаларының үлгі тақырыптары ұсынылады. Мысалы, «Zhasyl EI», «Туған жердің бояулары» - бұл электронды экологиялық карта. Бұл номинацияда кез келген графикалық редактордың (фотосуреттер, картиналар, портреттер, суреттер, коллаждар және т.б.) көмегімен дербес орындалған сурет ұсынылады.

«**Eko-Bolashak**» –абаттандыру, көгалдандыру бойынша аткарылған экологиялық жұмыстар, өткізілген экологиялық акциялар, жылыжайлардың, мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелердің, мектеп орманшылықтарының, экологиялық патрульдердің жұмысы туралы бейнероликтің тұсаукесері.

«**Жас өлкетанушы**» – халық дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен өнері

– туған өлкенің мәдениеті, әдебиеті, өнері, халық шығармашылығы, тарихи, археологиялық және этнографиялық ескерткіштерді зерделеуге және қорғауға қатысу;

халық ауыз шығармашылығының бай мұрасы, республикада тұратын халықтардың салт-дәстүрлері; мектеп мұражайларын ашу; тұрмыстық заттарды жасау, киімдер тігу, ұлттық тағамдар әзірлеу және басқалар.

«**Туған өлкем**» фестивалі де оқушылардың туған өлкесін зерттеуге деген қызығушылығын арттыруға арналған

Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері:

Тәрбие мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоцияналды тұрақтылыққа баулу
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баул

Күтілетін нәтиже:

1. Ата –анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрлерді біледі оны сақтайды
3. Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі, ар ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.
5. Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды.

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ БОЙЫНША			
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС			
Бұйрық	Мектепшілік ережелерді таныстыру	ДТЖО, сынып жетекшілер	Қыркүйек
	Сынып паспортын жасау	Сынып жетекшілер	Қыркүйек
Сайлау	Сынып белсенділерін сайлау, мектепшілік мектеп президентін сайлау және тағайындау	ДТЖО, педагог - ұйымдастырушы	Қыркүйек
Жыын	«Нормативтік – құқықтық құжаттармен және сынып жетекшілердің әдістемелік жұмысын жоспарлау. Іс-қағаздарын жүргізу номенклатурасы. Білім стандартына сәйкес үйірме жұмыстарын ұйымдастыру» /нормативтік документтермен жұмыс.	Аудандық білім бөлімі әдіскері, ДТЖО.	Қыркүйек
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Апталық	«Ата-ана,сіздің пікіріңіз біз үшін құнды» ашық есік күні	Мектеп әкімшілігі	Қыркүйек
Жиналыс	Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысының жаңа форматын іске асыру аясында атқарылатын іс – шаралар - топтық (ата-аналар комитетімен өзара әрекеттесу,топтық кенестер; ата - аналармен сынып жиналыстары, тренингтер;	ДТЖО, мектеп психологы,әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Қыркүйек
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС			
Бірлескен шара	ЮПТ-мен бірлескен жоспардың орындалуын ұйымдастыру	ДТЖО, ИДН қызметкерлері	Қыркүйек
Айлық	Республикалық «Жасөспірімдер» айлығының басталуы жас полицей көмекшілерін жасақтау, жол қауіпсіздігін алдын алу «Қауіпсіз жол», «Абайлаңыз балалар», Наркобекет бұрышын ұйымдастыру және тәрбие сағаттары.	ДТЖО, педагог – ұйымдастырушы, ИДН қызметкерлері психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	Қыркүйек
Жадынама, анықтама	«12 күн бала еңбегінің ең нашар формасымен күрес» жыл	ДТЖО, педагог – ұйымдастырушы,	Қыркүйек

	сайынғы республикалық акциясына қатысу. Еңбек кодексінің «Бала құқығы туралы» бөлімін талдау арқылы ата-аналар мен балаларға кеңес ұйымдастыру	ИДН қызметкерлері, психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері	
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Салтанатты шара	1-қыркүйек білім күні «Мектебім-мейірім мекені»	Мектеп әкімшілігі	Қыркүйек
Апталық	Тіл мерекесі	Қазақ тілі пәні мұғалімдері	Қыркүйек

ҚЫРКҮЙЕК айы

Ұлттық мүдде -Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді -Елінің тарихын құрметтейді -Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді -Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды				
№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Діни экстримизмнің алдын алу бағытында сауалнама алу (Психологиялық қызмет)	Сауалнама	мектеп психологі	Қыркүйек
2	«Туған елде тұрып, жұмыс істеу – дарынды жастардың таңдауы»	Қыркүйек айына 1 шара Дөңгелек үстел	«Дебаттық клуб» жетекшісі Жүсіп М.Қ	Қыркүйек
5	«Терроризм – қоғамға қауіп төндіреді» (8-9 сынып оқушыларымен)	Дөңгелек үстел	ДТДЖО 8-9 сынып	Қыркүйек

Ар-ұят -Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды -сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады -Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды -Достарын, сыныптастарын сыйлайды -Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді
--

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	А. Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы іс-шара	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілері	Қыркүйек
2	«Отбасы – бақыт мекені» сынып сағаттары	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілері	Қыркүйек
3	«Менің-бақытты отбасым» челленджі	Челленджі	ДТЖО, сынып жетекшілер	Қыркүйек
Талап				
<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді -Қоршаған орта тазалығын сақтайды -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық -Ізденімпаз, жасампаз тұлға 				

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1	Білім беру ұйымы, мектеп ауласын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер өткізу. «Жасыл ел» волонтерлық қозғалысы аясында жас көшеттер отырғызу	Акция	сынып жетекшілер	Қыркүйек
2	«Адал ұрпақ» еріктілер клубының отырысы	Отырыс	ДТЖО, Клуб жетекшісі	Қыркүйек
3	«Хакерлердің желілік шабуылдарынан қауіпсіздік - кибер мәдениет, кибер гигиена, киберқауіпсіздік» тақырыптарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу.	Түсіндірме жұмыстар	ДТЖО, мектеп психологі, информатика пәні мұғалімі	Қыркүйек

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4

ҚАЗАН АЙЫ БОЙЫНША			
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС			
Іс-шара	Оқушылар демалысының іс-шара жоспарын жинақтау	Сынып жетекшілер	Қазан
Отырыс	Сынып жетекшілер отырысы (5-11 сып)	Сынып жетекшілер	Қазан
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Кеңес	«2-4 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек»	Психолог, сынып жетекшілер	Қазан
Жиналыс	«Мектеп пен ата-ананың бала тәрбиесіндегі қоғамдастығы!» жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы	Ата – аналар, ДТЖО, әлеуметтік педагог, мектеп психологі	Қазан
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС			
Түсіндірме Жұмысы Сауалнама	«Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу – басты міндет»	ЖПҚ ЮПТ УПИ инспекторлары, ДТЖО, әлеуметтік педагог	Қазан
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Мәдени шара	1 қазан- қарттар күніне арналған «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» тақырыбында іс – шаралар өткізу.	Тәлімгер, ДТЖО	Қазан
Мерекелік шара	Ұстаздар күніне арналған «Ұстаз аты – биік, әрі мәңгілік» іс – шаралар апталығы, «Ұстазым, ұлағатым үлгі-өнегем!» ардагер ұстаздарға арналған құттықтау (11 сынып)	Мектеп парламенті, сынып жетекшілер	Қазан
Дублер күні	Ұстаздар күніне орай «Дублер күні» білім алушылардың өзін-өзі басқаруы	ДТЖО, сынып жетекшілер, 11 сынып оқушылары	Қазан
Мерекелік шара	«Алтын күз» мерекелік іс-шарасын ұйымдастыру	ДТЖО, сынып жетекшілер	Қазан

Ұлттық мүдде

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

ҚАЗАН айы

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Діннен адастыратын ағымдар» (7-11 сынып оқушыларымен) дөңгелек үстел	кездесу	құқық пәнінің мұғалімі, психолог, сынып жетекшілер	Қазан
	29 қазан «Қамқоршылар» күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру	Іс-шара	Әлеуметтік педагог, мектеп парламенті	Қазан
	«Әнұран» челленджі	челлендж	Музыка пәнінің мұғалімі сынып жетекшілер	Қазан
	«Қазақстан Республикам менің»	Сынып сағаттары Тәлімсәттер	ДТЖО, сынып жетекшілер	Қазан

Ар-ұят

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	Ашық тәрбие сағаттар апталығы 1-4 сыныптар Ұлттық мүдде, 5-8 сыныптар Ар-ұят, 9-11 сыныптар Талап құндылықтары бойынша	апталық	Сынып жетекшілері	Қазан

Талап

- Жан мен тән тазалыгын сақтайды
- Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді
- Қоршаған орта тазалыгын сақтайды
- Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Жас эколог әліппесі» сынып сағаты өткізу /жеке жоспар бойынша/ (1-4 сынып) «Мен және экология» сынып сағаты/ жеке жоспар бойынша/ (5-8 сынып) «Экология және денсаулық» сынып сағаттарын өткізу /жеке жоспар бойынша/ (9-11 сынып)	Сынып сағаттары	сынып жетекшілер	Қазан
	«Әлемдік мәдениет – кітапта» (5-7 сынып)	Ақпарат	Кітапханашы	Қазан
	«Өмірге Иә деп айт!» ақпараттық науқан (5-8 сыныптар)	Жаднама	ДТЖО, мектеп психологі	Қазан
	«Көшбасшылық қасиеттер арқылы оқушылардың өзін-өзі басқару құзыреттілігін жетілдіру»	Оқушылар жиыны	Мектеп парламенті, дебаттық қозғалыс фракциясы	Қазан
	Компьютерлік ойындар тұлғаны дамытады	Пікірталас	Дебаттық клуб мүшелері	Қазан
	«Дұрыс тамақта білеміз бе?» тақырыбында сабақтар өткізу	Дәріс сабақ	Мектеп медбикесі	Қазан

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4

ҚАРАША АЙЫ БОЙЫНША			
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС			
	Сынып жетекшілер отырысы	ДТЖО	Қараша
	Қысқы демалыс іс шара жоспарын жинақтау	ДТЖО	Қараша
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Байқау	«Шеберлер отбасы», «Өнерлі отбасы», «Мерейлі отбасы» байқауларын ұйымдастыру	ДТЖО, сынып жетекшілер	Қараша
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС			
Айлық	Рейд жұмыстарының жүргізілуі	ДТЖО, мектеп инспекторлары	Қараша
Қараша айына 1 шара (Ашық ой алаңы)	«Бала құқығы -отбасы құқығы» отбасындағы жасөспірімдер тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу	ДТЖО, психолог, мектеп парламенті, дебат ұйымы	Қараша
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Бірінші тоқсан қорытындысы	«Ақындар айтысы» поэтикалық сайысы жобасымен жұмыс	ДТЖО, сынып жетекшілер, казак тілі пәні мұғалімдері, сынып жетекшілер	Қараша
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Байқау	«Мен демалысты қалай өткіздім? » суреттер байқауын өткізу, жариялау	Тәлімгер сынып жетекшілер	Қараша
Көрме	«Тенге-Қазақстанның үміті мен өмірінің символы» ұлттық тенге күніне арналған кітаптар көрмесі.	Кітапханашы	Қараша

ҚАРАША айы

Ұлттық мүдде

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	1-4,5-8 сынып оқушылары арасында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Асық ойыны» ұйымдастыру	Асық ойыны	Дене шынықтыру мұғалімдері	Қараша
	«Сырлы әлемге саяхат» кітапханамен байланыс (1-4 сынып)	Ертегілер әлемі	Бастауыш сынып мұғалімдері, кітапханашы	Қараша
	«Татулық – табыс, бақыт» сынып сағаттары (1-11 сынып)	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Қараша
	15 қараша Ұлттық валюта күні «Ұлттық теңге –мақтанышымыз» сынып сағаттары	Сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Қараша
	Оқушылар мен студент жастардың «Дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру күні	Кездесу	Дебат клубының жетекшісі	Қараша
	«Нашакорлық ХХІ-ғасыр дерті» 8-11 сынып	Дөңгелек үстел	Мектеп медбикесі сынып жетекшілер	Қараша

Ар-ұят

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Өнерлі отбасы» бейнеролик. (3-7 сынып)	Бейнероликтер сайысы	Сынып жетекшілері	Қараша
Талап				
<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді -Қоршаған орта тазалығын сақтайды -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық -Ізденімпаз, жасампаз тұлға 				

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Оқушылардың өндіріс жанашылдарымен, табысты мамандармен кездесулерін ұйымдастыру»	Кездесу	сынып жетекшілер, кәсіптік бағдар беруші маман	Қараша
	«Мамандық таңдау маңызды іс» тақырыбында түрлі мамандықтар туралы пікірлесу кеші. (9-11 сынып)	Пікірлесу кеші	Сынып жетекшілер, Кәсіптік бағдар беруші	Қараша
	«Интернет пен әлеуметтік желідегі оқушы рөлі: әлеуметтік желідегі өзін – өзі ұстау мәдениеті» (5-10 сынып)	Тәрбие сағаты	Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Қараша
	LG –дода танымдық ойыны (9 сыныптар)	Танымдық ойын	Жаратылыс тану пән бірлестігі	Қараша
	«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» (4 сынып)	Сайыс	4 сынып пән мұғалімдері	Қараша
	«Балалар ұйымдары – тұлғаны тәрбиелеудегі ең жақсы»	Дөңгелек үстел	Сынып жетекшілер	Қараша

жол» (9-11 сынып)			
«Біз темекі шегуге қарсымыз» Дүниежүзілік темекі шегуден бас тарту күні.	Акция	тәлімгер	Қараша
«Нашакорлыққа, алкогольизмге, темекі шегуге жол жоқ!»	Кездесу, әңгіме	Мектеп медбикесі, сынып жетекшілер	Қараша
«Біз спортты сүйеміз» тақырыбында эстафеталық жарыс 5-6 сыныптарға (каникул күндері)	Эстафеталық жарыс	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	Қараша

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ БОЙЫНША			
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС			
Байқау	«Шебер колдар-2024» сурет және колөнер байқауы	Технология пәнінің мұғалімі	Желтоқсан
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Әдістемелік көмек	«Отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға арналған методикалық кеңес	Мектеп психологтары, сынып жетекшілер, ата-аналар комитеті	Желтоқсан
Тренинг	«Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынас» психологиялық тренинг	Мектеп психологы	Желтоқсан
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС			
Рейд	«Түнгі қала» рейд жұмыстарын жүргізу	ДТДЖО	Желтоқсан
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ			
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Олимпиада 2 тоқсан бойынша	Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Алтын сақа» олимпиадасы	сынып жетекшілер, пән мұғалімдері	Желтоқсан
Акция	«Қамқорлық жасауға асығайық» «Адамдарға қуаныш	Жоғары сынып оқушылары	Желтоқсан

	сыйла!»	мен ұстаздар	
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Апталық	16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні Жаңа жыл мерекесі	ДТДЖО, сынып жетекшілер, тәлімгер, жас мамандар	Желтоқсан

ЖЕЛТОҚСАН айы

Ұлттық мүдде
<ul style="list-style-type: none"> -Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді -Елінің тарихын құрметтейді -Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді -Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмек	Психологиялық көмек	Мектеп психологы	Желтоқсан
	«Біз біргеміз!» тренингі (1 сынып)	Тренинг	Мектеп психологы	Желтоқсан
	М. Өтемісов, Қадыр Мырзалиев оқулары	Байқау	Қазақ тілі мұғалімдері	Желтоқсан
	Мектепшілік «Қызықты үзіліс» бағдарламасы «Көңілді 10-күндік»	Онкүндік	Тәлімгер, өзін өзі басқару ұйымы	Желтоқсан
	«Абайдың кара сөздері» бейнеролик жолдау челленджін ұйымдастыру	челлендж	Қазақ тілі пән бірлестігі, мәдениет және өнер фракциясы	Желтоқсан
	«Жаса казак жігіттері» атты әскери - патриоттық өнер сайысы.	Өнер сайысы	АӘД жетекшісі, педагог-ұйымдастырушы	Желтоқсан
	«Елім менің» патриоттық әндер байқауы	байқау	Музыка пәнінің мұғалімі	
	«Желбіресін Тәуелсіздік байрағы» атты тәуелсіздік күніне арналған мерекелік кеш өткізу (1-11 сынып)	Мерекелік кеш	ДТДЖО, педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер, АӘД жетекшісі	Желтоқсан

«Жас Ұлан» ұйымына оқушыларды қабылдау	Салтанатты жиын	ДТЖО, педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер	Желтоқсан
--	-----------------	---	-----------

Ар-ұят			
<ul style="list-style-type: none"> -Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды -сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады -Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды -Достарын, сыныптастарын сыйлайды -Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді 			

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	Аурухана мамандарымен «Бала денсаулығы - ұлт денсаулығы» тақырыбында бала денсаулығына байланысты кеңес өткізу	кездесу	Мектеп медбикесі	Желтоқсан

Талап				
<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді -Қоршаған орта тазалығын сақтайды -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық -Ізденімпаз, жасампаз тұлға 				

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Қауіпсіз Интернет» мектеп оқушыларына түсіндірме жұмысын жүргізу	Тәрбие сағаттары	ДТЖО, сынып жетекшілері АКТ пәнінің мұғалімі	Желтоқсан
	«Шахматшылар сайысы» атты мектепшілік турнир.	турнир	денешынықтыру пән мұғалімдері	Желтоқсан

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
ҚАҢТАР АЙЫ БОЙЫНША			
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС			
	«Мектепке жол» республикалық акциясына белсенді қатысу. Менің таңдауым –балаларға көмек» акциясын ұйымдастыру	Ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесінің мүшелері	Қаңтар
Байқау	«Жыл сынып жетекшісі -2024» байқауын өткізу	ДТЖО, сынып жетекшілер	Қаңтар
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Дөңгелек үстел	Әлеуметтік маңызды аурулардың алдын алу үшін ата-аналарға кеңес беру(СПИД, ОРВИ, тұмау түрлері, ВИЧ инфекциясы и.т.с.с)	Мектеп медбикесі	Қаңтар
Дөңгелек үстел	«Ата - аналардың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі» (5-11 сынып оқушыларымен)	Ата – аналар комитетінің төрайымы, ДТЖО, әлеуметтік педагог мектеп психологы сынып жетекшілер	Қаңтар
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС			
Кездесу	«Мектептегі балалардың құқықтары»	ТЮ инспектор	Қаңтар
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ			
Жиналыс	«Иманды ұл, инабатты қыз» жиналыс (9-10 сыныптар)	Сынып жетекшілері, медбике, психолог	Қаңтар
ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Айлық	«Буккросинг» айлық бұрышын ұйымдастыру	Кітапханашы	Қаңтар
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			

ҚАҢТАР айы

<p>Ұлттық мүдде</p> <p>-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді -Елінің тарихын құрметтейді -Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді -Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды</p>

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Асық, тоғызқұмалақ, қазақша күрес» ұлттық ойындардан байқау ұйымдастыру	сайыс	Дене шынықтыру мұғалім	Қаңтар
	«Әдемі киім жақсы көңіл – күйдің кепілі» (5-11 сынып)	Пікір талас	Дебат клубы, тәлімгер	Қаңтар
	М.Өтемісұлы, Қадыр оқулары	Байқау	Қазақ тілі пән бірлестігі	Қаңтар
	«Рәміздер-патриоттық тәрбиенің бастауы» сурет көрмесі (2-3 сыныптар), өлең оқу (4-6 сыныптар), эссе, мақала, өлең арнау, (7-11 сыныптар) әлеуметтік желіге салу	Көрме, эссе байқауы	сынып жетекшілер, тәлімгер	Қаңтар
	«Менің отбасым» суреттер бұрышын ұйымдастыру (1-8 сынып)	Суреттер байқауы	Технология пәнінің мұғалімі, бастауыш сынып мұғалімдері	Қаңтар

<p>Ар-ұят</p> <p>-Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды -сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады -Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды -Достарын, сыныптастарын сыйлайды -Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді</p>

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
---	---	---------------	------------	-----------------

«Толағай» -көңілді эстафета отбасылық спорттық ойынын өткізу (1-4 сынып)	Қаңтар айына I шара (спорттық сайыс)	Дене тәрбие пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері	Қаңтар
Талап			
<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді -Қоршаған орта тазалығын сақтайды -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық -Ізденімпаз,жасампаз тұлға 			

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Қыс қызығы» тақырыбында сурет көрмесі (1-5 сынып)	Апталық	Сынып жетекшілер	Қаңтар
	«Мұндай мамандықтар бар!» тақырыбында түрлі мамандықтар туралы ашық тәрбие сағаты (5 – 11 сынып)	тәрбие сағаты	Сынып жетекшілері, кәсіптік бағдар маманы	Қаңтар
	«Діни экстремизмнің алдын-алу»	Сауалнама	тарих пәнінің мұғалімі	Қаңтар
	Қыз бала мен ұл баланың арасындағы қарым-қатынас туралы	Дәріс	ТЮ,Мектеп медбикесі	Қаңтар
	«Менің болашақ мамандығым!» эссе жазу. (9,11 сыныптар)	эссе	Сынып жетекшілері	Қаңтар
	Колледждерге, жоғарғы оқу орындарының мамандарымен кездесу (8–11 сынып оқушыларымен)	кездесулер	Кәсіптік бағдар беруші, сынып жетекшілері	Қаңтар
	«IQ game!» зияткерлік ойыны (8 сыныптар)	Зияткерлік ойыны	информатика пәні мұғалімдері	Қаңтар
	«Зерде» танымдық интеллектуалды ойыны (3 сыныптар)	Танымдық	Сынып	Қаңтар

		ойыны	жетекшілері	
	«Ерте жыныстық қатынас пен ерте жүктіліктің алдын-алу»	кездесу	ДТЖО, сынып жетекшілері, медбике	Қаңтар

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
АҚПАН АЙЫ БОЙЫНША			
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС			
Байқау	Мектепшілік «Үздік тәрбие сағаттары» байқауын ұйымдастыру	ДТЖО, Сынып жетекшілер	Ақпан
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Сынып сағаттары	«Менің отбасымның «Эрмитажы»	Сынып жетекшілер	Ақпан
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС			
Кездесу	«Қылмыс және жаза» құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысуымен әңгімелер, кездесулер өткізу.	ДТЖО, мектеп инспектор, сынып жетекшілер, «Жас полиция» достары	Ақпан
Рейд	«Түнгі қала» рейд жұмыстарын жүргізу	ДТЖО	Ақпан
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ			
Тәрбие сағаты	Абайдың «Малға достың мұны жоқ малдан басқа» өлеңіндегі асыл қасиеттерді түсіндіру 7-11 сынып	Сынып жетекшілер	Ақпан

ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Жоба	«Менде ақын боламын» (Енбек-елдің мұраты) жобасы аясында жұмыстарды насихаттау	Кітапханашы	Ақпан
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Оқулар	Ж.Жабаев, І.Жансүгіров, М.Мақатаев, С.Иманаев оқулары		Ақпан

АҚПАН айы

Ұлттық мүдде
<ul style="list-style-type: none"> -Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді -Елінің тарихын құрметтейді -Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді -Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	Қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай сынып сағаттарын, поэзия кешін өткізу	Айлық	Қазақ тілі пәні мұғалімдері, кітапханашылар	Ақпан
	Әлеуметтік желілердің жасөспірімдерге әсері»	Дөңгелек үстел	ДТЖО, әлеуметтік педагог, психологтар	Ақпан
	15 ақпан - Кенес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылған күні - ауғандық ардагерлермен кездесу	Кездесу	АӘД жетекшісі,	Ақпан
	«Ауған асуында от кешкендер» тәрбие сағаттары	Тәрбие сағаты	АӘД жетекшісі, «Адал ұрпақ» ұйымы, сынып жетекшілер	Ақпан
	«Жігіт сұлтаны-2024» байқауы. 5-10 сынып	Байқау	Жас мамандар	Ақпан
	«Менің елім-Мәңгілік ел!» сурет көрмесі. (1-4 сыныптар)	Сурет көрмесі	Сынып жетекшілері	

Ар-ұят

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Әдеп пен әдет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу	Дөңгелек үстел	ДТПЖО	Ақпан

Талап

- Жан мен тән тазалығын сақтайды
- Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды
- Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Болашақты бірге құрамыз!»	Спорттық кездесу	дене тәрбиесі пәні мұғалімдер, ата – аналар	Ақпан
	Мамандық таңдау: ақша немесе жан азығы үшін бе?	Ашық алаң	Дебаттық клуб мүшелері	Ақпан
	«Эко-сақшы», «Таза өлке үшін», «Таза қала - жанға дауа», «Саябақтар шеруі» экологиялық акцияларын ұйымдастыру	Экологиялық акциялар	Педагог ұйымдастырушы Биология пән бірлестігі	Ақпан

«Домбыра – қазақ халқының жаны»	Челлендж	Музыка пәнінің мұғалімі	Ақпан
«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Біз бірге оқимыз»	Бейнеролик	Кітапханашы	Ақпан
«Туберкулез қауіпті дерт» Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні	Түсіндірме жұмыстары	Мектеп медбикесі	Ақпан
«Нашақорлықтың алдын-алу салдары» тренинг		Мектеп психологы	

НАУРЫЗ АЙЫ БОЙЫНША

СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Сынып сағаты	8 – наурыз мерекесін атап өту, сынып сағаттары	Сынып жетекшілер	Наурыз
Ашық есік	Оқушыларды кәсіптік лицейлердің, колледждердің, техникумдар мамандарының ашық есік күндеріне келу	Кәсіптік бағдар беру маманы	Наурыз
Тәрбие сағаты	«Дананың сөзі-ақылдың көзі» халық даналығының тәрбиелік мәнін ашу мектептер жұмысы	Сынып жетекшілері тәлімгер мектептер	Наурыз

МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС

Рейд	«Түнгі қала», рейд	ДТЖО, «Жас полиция» достары	Наурыз
Кеңес	Құқық кеңесі	Кеңес мүшелері	Наурыз
Дөңгелек үстел	7-11 сынып оқушыларының қатысуында құқықбұзушылық профилактикасы, жыныстық нәпсіқұмарлық, ұлтаралық татулық, бала еңбегінің каналуын болдырмау, алдын алу мақсатында кездесу өткізу (аралас форматта)	ЖПҚБ ЮПТ УПИ инспекторлары, ДТЖО, сынып	Наурыз

		жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог педагог - ұйымдастырушы	
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
3 тоқсан бойынша жоба жұмысы	«Ұлттық өнер» көрмесін ұйымдастыру Тоқыма бұйымдарын жасау гобелен, кесте, бисер, батик, киіз басу, чпластик; ұлттық ою-өрнек элементтері бар халықтық киім үлгісін жасау және т.б.	технология мұғалімдері	Наурыз
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Мерекелік шара	1 наурыз Алғыс айту күні	ДТЖО, сынып жетекшілері	Наурыз
Мерекелік шара	8 наурыз – халықаралық аналар мерекесі	ДТЖО, сынып жетекшілері	Наурыз
Мерекелік шара	22 наурыз –Наурыз мейрамы	ДТЖО, сынып жетекшілері	Наурыз

НАУРЫЗ айы

Ұлттық мүдде
-Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді -Елінің тарихын құрметтейді -Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді -Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Алғыс айту – адамның адамгершілік ниетінің бастауы»		Сынып жетекшілер, камқорлық фракциясы	Наурыз

«Ұлттық колөнер – ұрпаққа аманат» көрме	Көрме	Технология мұғалімдері	Наурыз
«Көңілді старттар»	Ұлттық ойын	Дене шынықтыру пән бірлестігі	Наурыз
«Бұрымды бойжеткен» байқауы	Байқау	ТЮ, тәлімгер	Наурыз
Мағжан оқуларын ұйымдастыру	Байқау	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері	Наурыз
Б. Момышұлы «Ұшқан ұя». Қ. Қайсенов «Жау тылындағы бала» шығармаларын ұсыну және талдау. (7- сыныптар)	Пікірталас	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері	Наурыз
«Менің елімнің тарихы»	Сынып сағаты	Сынып жетекшілер	Наурыз
Ар-ұят			
<ul style="list-style-type: none"> -Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды -сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады -Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды -Достарын, сыныптастарын сыйлайды -Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді 			

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Ұстаздықтың ұлағаты» ардагер мамандық иелерімен (7-10 сыныптар)	кездесу	сынып жетекшілері	Наурыз
Талап				
<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді -Қоршаған орта тазалығын сақтайды -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық -Ізденімпаз, жасампаз тұлға 				

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі

«Батаменен ел көгерер...» баталар сайысы (1-4 сыныптар)	Тәрбиелік шара	сынып жетекшілер	Наурыз
«Ақ халатты абзал жанның күдіреті» кездесу өткізу.. «Ең қызықты мамандықтар...» ақпарат беру 9-сынып	Кездесу	Педагог – ұйымдастырушы Кәсіптікбағдар беруші	Наурыз
«Ақпарат жүйесі мен ІТ – технологияларды дұрыс пайдалана білу»	Әңгіме - сұхбат	Информатика пәні мұғалімдері, дебаттық қозғалыс фракциясы	Наурыз
Киберқауіпсіздік туралы ақпараттық таратпа	Жаднама	ТЮ, сынып жетекшілер	Наурыз

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
СӘУІР АЙЫ БОЙЫНША			
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС			
	«Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру»	ДТДЖО	Сәуір
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС			
Ашық алаң	Жыл ішінде сабақты көп қалдырған оқушылардың ата –аналарымен жұмыс	ДТДЖО, сынып жетекшілер	Сәуір
		ДТДЖО, тәлімгер	Сәуір
Сәуір айына 1 шара(сайыс)	«Мен табиғатты сүйемін!» ұранымен флешмоб	Тәлімгер	Сәуір
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС			
Айлық	«Түнгі қала» рейд	ДТДЖО,сынып	Сәуір

		жетекшілер, «Жас полиция» достары	
Түсіндірме жұмысы	"Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" науқаны аясында ата аналарға брошуралар тарату	ДТДЖО, мектеп инспекторы	Сәуір
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ			
Байқау	Абай, Шәкәрім оқулары	Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері	Сәуір
Жоба	«Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы	Сынып жетекшілер	Сәуір
Байқау	«Кітап оқитын сынып» байқауы	Кітапханашы	Сәуір
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Сынып сағаты	«Ғарыштағы алғашқы адам» тәрбие сағаты	сынып жетекшілер	Сәуір

Сәуір айы

Ұлттық мүдде
<ul style="list-style-type: none"> -Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді -Елінің тарихын құрметтейді -Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді -Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Туған өлкем көркейтуге міндеттімін мен сені» (мектеп аумағын көгалдандыру жұмыстары)		ДТДЖО, тәлімгер сынып жетекшілер, биология пәнінің мұғалім	Сәуір

23 сәуір - Халықаралық кітап күнін атап өту «Кітап-саркылмас рухани қазына»	Дөңгелек үстел	Кітапханашы	Сәуір
«Сарбаз-2024» саптық шеру байқауы	Байқау	құқық пәні мұғалімі, АӘД мұғалімі	Сәуір
«Қауіпсіз дөңгелек-2024», «Полицияның жас көмекшісі» аудандық, облыстық байқауға дайындық және қатысу	байқау	ТЮ, АӘД мұғалімі, Дене шынықтыру мұғалімі, тәлімгер	Сәуір
Ар-ұят			
<ul style="list-style-type: none"> -Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды -сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады -Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды -Достарын, сыныптастарын сыйлайды -Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді 			

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	11 сыныптардың ата-аналарымен «Отбасы – өмір аясы»	тренинг	Психолог	Сәуір
	«Отбасылық сана-ұлттық сана»	тренинг	психолог, әлеуметтік педагог, ата – аналар комитеті	Сәуір
Талап				
<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді -Қоршаған орта тазалығын сақтайды -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық -Ізденімпаз, жасампаз тұлға 				

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
---	---	---------------	------------	-----------------

	Балаларға ерте табыс табуды үйрету, олардың болашағы үшін қаншалықты маңызды болуы мүмкін? Қиындықтары қаншалық?	Дебат	ДТІЖО, психолог, дебаттық клуб мүшелері	Сәуір
	Аудандық және мектеп мұражайларына саяхат	Айлық	сынып жетекшілер	Сәуір
	Вирусты гепатит, Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстары. Түсіндіру жұмыстары, бұрыштар арнау, ұнпарақтар тарату	Түсіндірме жұмыстары	ДТІЖО, медбике, сынып жетекшілер	Сәуір

МАМЫР АЙЫ БОЙЫНША				
СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС				
Мониторинг	"Жазғы демалыс кезінде сауықтыру"	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілер		Мамыр
	Сынып жетекшілер отырысы	ДТІЖО		Мамыр
АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
Ата-аналар жиналысы	«Отбасы әлемі» тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы	Мектеп әкімшілігі		Мамыр
МЕКТЕП ИНСПЕКТОРЛАРЫМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС				
Айлық	«Түнгі қала» рейд	ДТІЖО, мектеп инспекторы, «Жас полиция достары» ұйымы		Мамыр
Түсіндірме Жұмысы	Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысы Тәртібінде қиындық келтіріп, сабақты дәлелсіз көп жіберетін оқушылардың ата-аналарымен тәрбиелік жұмыстар жүргізу	ДТІЖО, мектеп инспекторы		Мамыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС				
4 тоқсан бойынша жоба жұмысы	«Туған өлкем» фестивалін өткізу «Zhasyl El», «Туған жердің бояулары»	ДТІЖО, педагог-ұйымдастырушы, мектеп кітапханашылары, сынып жетекшілер, жас мамандар, мектеп парламенті "Өзін-өзі басқару"		Мамыр

ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Мерекелік іс-шара	1 мамыр халықаралық бірлік мерекесі	ДТІЖО, педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер	Мамыр
Салтанатты Шара	7, 9 мамыр- Ұлы жеңіс күні	ДТІЖО, педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер	Мамыр
Мерекелік іс-шара	Соңғы қонырау салтанатты мерекесі.	ДТІЖО, педагог- ұйымдастырушы, сынып жетекшілер	Мамыр

Мамыр айы

Ұлттық мүдде
<ul style="list-style-type: none"> -Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл -Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді -Елінің тарихын құрметтейді -Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді -Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	Емтихандағы өз – өзіне сенімділік (11 сыныптар)	тренинг	Психолог, сынып жетекшілер	Мамыр
	«Туған жерімізді қорғаймыз!» мектеп ауласын абаттандыру	Акция	Педагог- ұйымдастырушы, мектеп парламенті	Мамыр
	31 мамыр – Репрессия құрбандарын еске алу күні (ескерткішке гүл шоқтарын қою)	Еске алу күні	Мектеп ұжымы, Сынып жетекшілер	Мамыр

Ар-ұят

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды
- сөзіне берік, ісіне жауапкершілікпен танытады
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	15 мамыр-Халықаралық Отбасы күні. «Отбасы айлығы»	апталық	ДТЖО, сынып жетекшілер, дене шынықтыру мұғалімі	Мамыр
Талап				
<ul style="list-style-type: none"> -Жан мен тән тазалығын сақтайды -Дұрыс тамақану мәдениетін түсінеді -Қоршаған орта тазалығын сақтайды -Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық -Ізденімпаз, жасампаз тұлға 				

№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
	«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет» Мектеп ауласын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары	Айлық	Биология пәнінің мұғалімі, Сынып жетекшілері	Мамыр
	11 сынып оқушыларына «Жасыл мекен» акциясын ұйымдастыру	Акция	ДТЖО, педагог-ұйымдастырушы, Биология пәнінің мұғалімі, Сынып жетекшілері	Мамыр
	«Қазақстан апорттар мен қызғалдақтардың отаны» байқауы;	Буклет, 3Д плакаттар сайысы 5-10 сынып	Сынып жетекшілері педагог ұйымдастырушы, мектеп парламенті	Мамыр

	Жазғы еңбек практикасын мектеп алаңында дайындау және ұйымдастыру.		Сынып жетекшілері, биология пәнінің мұғалімі	Мамыр
	"Біздің денсаулығымыз біздің қолымызда" ұранымен "Денсаулық фестивалі" республикалық акциясы - спорт мерекесі	Мамыр айына 1 шара (фестиваль)	ДТДЖО, дене шынықтыру пәні мұғалімдері	Мамыр

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
МАУСЫМ АЙЫ БОЙЫНША			
ДӘСТҮРЛІ ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР			
Мерекелік шара	1 –маусым халықаралық балаларды қорғау күні	ДТДЖО, сынып жетекшілер	Маусым
Салтанатты шара	Мектеп бітіру кеші	Мектеп әкімшілігі, ДТДЖО, сынып жетекшілер	Маусым
Сауықтыру жұмысы	Мектеп жанындағы алаңшалар ұйымдастыру шараларына басшылық пен бақылау жасау	ДТДЖО, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер	Маусым-шілде-тамыз
Сауықтыру жұмысы	«Менің отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтары слеті, жас өлкетанушылар, экологтар және натуралистердің «Табиғатты аяла» форумы, «Кәсіптер әлемін ашамыз» форумы балалар мен жастардың патриоттық сезмін және азаматтығын тәрбиелеуге, туристік қызметті жандандыру	ДТДЖО, сынып жетекшілер	Маусым-шілде-тамыз